

1990 жылы туған азаматтарды шақыру участкесіне тіркеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық әкімінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 6 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет Департаментінті Бейнеу ауданының әділет басқармасында 2007 жылғы 16 қаңтарда N 11-3-33 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағы 12-1) тармақшасына сәйкес, "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағын беруді реттеу мақсатында қалалық мәслихат **пешеді** :

1. Қоса беріліп отырған "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағы жөніндегі Ереже бекітілсін.

2. Бейнеу аудандық әкімиятына "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" омырау белгісі мен куәлік дайындау үшін қаражат қарастыру ұсынылсын.

3. Шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
х а т ш ы с ы н ы ң у а қ ы т ш а

міндетін атқарушы

Үшінші сайлаған аудандық мәслихаттың
2006 жылғы 11 қаңтардағы N 21/164
шешіміне қосымша

**"Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағы жөніндегі
ЕРЕЖЕ**

1. Кіріспе

1. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағы ауданның өсіп-өркендеуіне, өндіріс, ағартушылық, ғылым, мәдениет, өнер, денсаулық сақтау және спорт, меценаттық пен қайырымдылықтың дамуына ерекше маңызды үлесін қосқан, қоғамдық өмірге, жастарды тәрбиелеу ісіне белсенді қатысып, аудан тұрғындары арасында биік бедел мен құрметке ие болған азаматтарға беріледі.

2. Атақты беру тәртібі

2. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағы аудан әкімінің ұсынысына сай аудандық мәслихат сессиясында беріледі.

3. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағын беру туралы ұсынысты село, селолық округ әкімдерінің, кәсіпорындар мен мекемелердің еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, азаматтардың жиналыстарының шешімдері мен ұсыныстары негізінде аудан әкімінің аппараты әзірлейді.

4. Талапқа үміткер туралы төмендегідей мәліметтер қоса берілуі қажет:

1) сіңірген еңбегі толық баяндарған үміткердің өмірбаяны;

2) 13 x 18 = 2 дана суреттер;

3) кәсіпорындар мен мекемелердің еңбек ұжымдарының, қоғамдық ұйымдардың жалпы жиналысының, азаматтардың жиналыстарының шешімдері немесе хаттамасы.

5. Аудандық мәслихаттың Әлеуметтік мәселелер мен заңдылық және құқық тәртібі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Аудан әкімінің ұсынысын екі апта ішінде жан-жақты қарап қорытынды дайындайды және оны сессияға енгізеді.

6. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" куәлігі мен омырау белгісі Бейнеу ауданының құрметті азаматына аудандық мәслихаттың сессиясында немесе еңбек ұжымында салтанатты түрде тапсырылады.

3. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" дипломының сипаттамасы

7. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" куәлігі тығыз ақ қағазда орындалады. Титулдық беттегі "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" жазуы қазақ және орыс тілдерінде жазылады.

Куәліктің ішкі бетінде түрлі-түсті бейнедегі Қазақстан Республикасының Елтаңбасы және "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағын беру туралы аудандық мәслихат шешімінің мәтіні: сол жағында қазақ, оң жағында орыс тілдерінде.

4. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" белгісі туралы

8. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" белгісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы түстес боялған металдан жасалынады. Белгідегі "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" жазуы қазақ тілінде болады.

5. Бейнеу ауданының құрметті азаматтарын тіркеу

9. Бейнеу ауданының құрметті азаматтарын тіркеу аудандық мұражайда сақталатын "Құрмет кітабында" жүргізіледі.

6. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағынан айыру

10. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағынан айыру төменде көрсетілген жағдайларда қалалық мәслихат сессиясының шешімімен жүргізіледі:

1) құрметті атақ иегері қасақана жасаған қылмысы үшін сотталғанда, соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін;

2) құрметті атақ иегері үлкен қоғамдық толқу тудырған жағымсыз әрекеттер жасағанда, марапаттау туралы енгізген органның ұсынуы бойынша.

11. "Бейнеу ауданының құрметті азаматы" атағынан айырылған адам аудандық мәслихатқа куәлікті және омырау белгісін қайтарады.